

– 500 млн. америка долларын құрап отыр. Осы бағытты да Қазақстан нығайта түсуде.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ислам ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі төрағалық қызметінің мәні мен жетістіктері, ол – ең алдымен өзара тиімділігі. Қазақстан мұсылман әлеміне модернизация, заманауи даму үдерістерімен дем беріп, Батыс елдерімен қатынасты, ынтымақтастықты дамытуда байланыстырушы көпірді нығайта түсуге атсалысуда. ЕҚЫҰ мен ИБҰ шеңберіндегі Қазақстанның қызметі еліміздің әлемге танымал болуына, беделінің нығая түсуіне өзіндік әсер еткендігі хақ. Қазақстанның қай салада болмасын, әсіресе экономика жағынан болашағы зор мұсылман әлемімен экономикалық қарым-қатынастарын дамытуға, жаңа заманауи іс шараларды жүзеге асыруына зор мүмкіндіктері ашылуда.

Қазақстанның ИБҰ төрағалығында «Бейбітшілік, Ынтымақтастық, Даму» қағидаларын негізге алуы, еліміздің белді мемлекеттер қа-

тарына қосылуына мүмкіншілігінің зор екендігінің айғағы.

1. [http://www.akorda.kz/kz/speeches/addresses\\_of\\_the\\_president\\_of\\_kazakhstan/](http://www.akorda.kz/kz/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/)

2. Дипломатический курьер 4 (31) 2011, - Б.10.

3. [http://oic2011-2012.kz/index.php?option=vsemir\\_nomislamskom-ekonomicheskome-forume&catid=48%3Aregionalnye-novosti&Itemid=135&lang=kz](http://oic2011-2012.kz/index.php?option=vsemir_nomislamskom-ekonomicheskome-forume&catid=48%3Aregionalnye-novosti&Itemid=135&lang=kz)

\* \* \*

Данная статья рассматривает активное участие в деятельности Организации и председательство РК в СМИД в 2011 году. Рассматриваются итоги исламского экономического форума, который прошел в Астане, а также предложения РК в развитие ОИС.

\* \* \*

This article considers involvement in activities of Organization and Kazakhstan's chairmanship of OIC CMFA in 2011. It reviews the outcome of the Islamic Economic Forum which was held in Astana. Also it shows suggestions of RK in the development of OIF.

*Е.Қ. Қамтағазева*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

XXI ғасырдың басы – халықаралық, аймақтық, ұлттық қауіпсіздік мәселесінің әлемдік деңгейде өте өзекті мәселелер қатарында екендігінің тағы бір айғағы болды. Мұны бүкіл әлем мақұлдады. 2001 жылғы 11 қыркүйекте әлемнің қуатты мемлекеті санатындағы Америка Құрама Штаттарында орын алған лаңкестік іс-әрекеттер қауіпсіздік мәселесін бір сәтте естен шығаруға болмайтындығының куәсі.

Адамзат баласы жетіле түскен сайын санасы да тек бейбіт қарым-қатынастарды қалайды деген пікір бүгінгі таңда да бүкіл адамзат әлі толық жетіле қоймағандығын білдіреді. Халықаралық лаңкестіктің кең етек ала бастауымен қатар діни экстремизмнің индет ауыруындай тарала түсуі де мемлекеттер тарапынан бірыңғай саясат ұстап, жаңа қауіп-қатерлерге қарсы бірыңғай саяси тұжырымдамаға келуді талап етеді.

Әрине, әлемдегі мемлекеттердің саяси-экономикалық, әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескеру де өте қажет екендігі белгілі. Сонымен бірге жағрапиялық тұрғыдан орналасуы да елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатысты тұжырымдамасын айқындайтындығы сөзсіз. Дегенмен де, жеке дара

мүдделерінің негізінде халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге және басқа да елең беретін қатерлерге деген қарсы ниеттерінің бір арнадан шығуы әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттерді үйлестіре түсері хақ.

Халықаралық қатынастардағы әр тәуелсіз мемлекеттей Қазақстан Республикасының сыртқы саясат саласындағы басты міндеті де – оның тәуелсіздігі мен егемендігін, қауіпсіздігі мен жерінің біртұтастығын нығайту. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңында: «ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы – жеке тұлға мен азаматтарының конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамының құндылықтарын, түбірлі мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ресми қабылданған көзқарастар мен іс-шаралар жүйесі» – деп айқындалған [1].

Сол ретте Қазақстан Республикасы да қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бет бұрған әлемнің барлық елдерімен, одақтарымен және

ұйымдарымен тығыз әрекет етуге дайын екендіктерін білдіріп те келеді, сол бағытта өзіндік шараларға қатысып та келеді. Өйткені, Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап өзінің сыртқы саясатын саналы негізде құруға талпынған елдердің бірі болып табылады.

Соған орай ұлттық мүдделерді қорғау, әлемдік, аймақтық деңгейде бітімгершілік бастамалармен шығу, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ел азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету мақсатында тікелей шетелдік қаржы салымдарын тарту, көпжақты және екіжақты ынтымақтастықты нығайту, өзінің іс-әрекеттерімен әлемдік беделін нығайту Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басты басым бағыттары болып табылады.

Бүгінгі күні Орталық Азия аймағындағы, тіпті Ауғаныстан өңіріндегі саяси тұрақсыздықтың лебі Қазақстанға да келіп жетуде. Үстіміздегі жылдың күзіндегі орын алған бірқатар лаңкестіктік әрекеттерді ескермесек болмайды. Яғни, Қазақстанның геосаяси кеңістігінде де орын алған бірқатар өзгерістер ұлттық қауіпсіздік мәселесін нығайта түсуді қажет етеді. Ел қауіпсіздігіне жаңа қауіп-қатерлер төнуде. Атап айтқанда, діни экстремизмнің таралуы, Ауғаныстан сияқты елдердегі әскери қақтығыстардың өршуі, біздің шекарамызға тікелей таяу жерде жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болу мүмкіндігі аймақтағы саяси тұрақсыздануға елеулі әсер етері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңының 5-бабында елге төнетін негізгі қауіп-қатерлер қарастырылған. Солардың ішінде сырттан төнетіндері:

– шет мемлекеттердің арнайы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлаушылық, лаңкестік, диверсиялық және өзге де іс-әрекеттері;

– мемлекеттік органдарының қызметіне іріткі салу, олардың іркіліссіз жұмыс істеуін бұзу, елдің басқарылу дәрежесін төмендету;

– кез-келген нысандағы саяси экстремизм, оның ішінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты немесе алауыздықты қоздыру;

– ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рұқсат етілмеген жиналыстардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тосқауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі [2].

Жаһандық қауіпсіздік үшін Қазақстан әлем елдері ядролық қару мәселесінде үлгі аларлықтай әрекеттерге барды. 1992 жылы ерікті түрде ядролық қарудан бас тартып және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстанның халықаралық бастамаларының арқасында қарусыздану үдерісінің және жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың белсенді жақтаушысы бола отырып, Қазақстан әлемнің жетекші ядролық державаларынан халықаралық қауіпсіздік кепілдіктерін алды.

1992 жылғы 23 мамырда Лиссабонда осы елдермен АҚШ өкілдері аталған төрт мемлекеттің аумағында орналасқан стратегиялық ядролық күштерге қолданылатын Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту мен шектеу туралы шарттың ережелерін іске асыруға олардың жауапкершілік аясын нақтылайтын бес жақты Хаттамаға қол қойды [3]. Сонымен қатар, Лиссабон Хаттамасында Беларусь, Украина және Қазақстанның ядролық қаруға ие емес елдер ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу міндеттемелері тиянақталды.

1994 жылғы 5 желтоқсанда ЕҚЫҰ-ның Будапешт саммитінде ядролық қарусыз мемлекеттер ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) қосылуына байланысты жоғарыда айтылған мемлекеттерге Қауіпсіздік кепілдігін беру туралы Меморандумға Ресей, АҚШ және Ұлыбритания қол қойды [4].

Бұл құжатқа қол қойылу Қазақстанның өз аумағынан ядролық қаруды шығару бойынша өз міндеттемелерін толығымен және бұлжытпай орындағанын халықаралық қоғамдастықтың танығанын білдірді. Кейіннен осы сияқты кепілдіктер Қазақстанға Қытай және Франция тарапынан берілді.

Үстіміздегі жылдың қыркүйегінде Нью-Йоркте өткен БҰҰ БА 66-сессиясындағы сөзінде Қазақстан Президенті таратпау және ядролық қызметті бақылауды қамтамасыз ету саласындағы маңызды бастамалардың жаңа жинағын ұсынды. Елбасы ядросыз әлем стратегиясының баламасыздығы жөнінде мәлімдеді, ядролық державалардың ядролық қаруды қолданудан және қолдану қаупінен бас тартуы туралы конвенцияны қабылдау оның маңызды кезеңі болуы тиіс екенін атап көрсетті.

Сондықтан да, ең алдымен, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымы (ҰҚШҰ) шеңберіндегі ынтымақтастық Қазақстан Республикасының сыртқы саяси басымдықтарының бірі болып табылады. Біздің

еліміз өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ҰҚШҰ шеңберіндегі өзара әрекеттесушілікті дамыту, оның әлеуетін жоғарылату бойынша күш-жігерді одан әрі қолдануға ниетті.

Сол ретте Қазақстан Республикасының өзіндік әскери саладағы ұстанымы да нақты айқындалған болатын. Еліміздің әскери доктринасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы қақтығыстардың алдын алуға, әскери құрылыс ісіне, сондай-ақ ұлттық мүдделерді қорғау және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды қолдануға негіз болатын көзқарастар жүйесі болып табылады.

Кеңестік жүйенің ыдырауымен бірге «қырғи-қабақ соғыстың» құрдымға кетуінің нәтижесінде халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуына қарай әскери доктрина егемен мемлекеттің қалыптасуын және екіжақты әлемнен көпжақты әлемге көшу кезеңінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Жаһандану дәуіріндегі бір-бірімен шырмалған сәттерде ел қауіпсіздігіне төнген жаңа қауіп-қатерлер онымен санасуды және тиісті шаралар қабылдауды талап етуде. Сонымен бірге бүгінгі таңда қарулы күрес құралдарымен қоса қазіргі заманғы әскери қақтығыстар да елеулі өзгерістерге ұшырауда. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін де заманауи талаптарға сай бейімдеуді қажет етеді.

Еліміздің жаңа әскери ұстанымын қабылдаудың қажеттілігі сол сияқты демократиялық және құқықтық мемлекет құрылысының кезекті кезеңінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде әскери салада да жаңа ұлттық мүдделердің қалыптасуымен байланысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде әскери ұстанымның қағидалары да елдің және оның одақтастарының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толыққанды орындалуы тиіс. Дүниежүзілік соғыс ашу және жаппай қырып-жоятын қарудың ядролық та, басқа да түрлерін қолдану қатері жокқа жеткізілген жағдайда ғана адамзаттың болашағына деген сенімі арта түсері анық.

Дегенмен де көпжақты әлемнің қалыптасу үрдісі дәйекті даму үстінде. Қару-жарақты бақылау, әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту саласында маңызды бастамалар жүзеге

асуда. Қазіргі заман талабына орай әлемде болып жатқан орасан зор өзгерістерге кейбір күрделі және қарама-қайшы үрдістер тән: бір жағынан, – әлемдік қоғамдастық ынтымақтастықты кеңейту және даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, жанталаса қарулану мен ядролық қарудың таралуын шектеу жөнінде нақты шаралар қолдануда; екінші жағынан, қауіпсіздіктің жаңа түрлері мен қатерлері пайда болуда, олардың ішінде әр түрлі әскери қақтығыстардың туындау мүмкіндігінің артуы, діни экстремизмнің, халықаралық лаңкестіктің, ұйымдасқан қылмыстың таралуы, қару мен есірткінің заңсыз айналымы мейлінше қауіпті болып табылады.

Қауіпсіздік мәселесінің еліміз үшін күрделене түсуі Қазақстанның іргелес елдермен әлемдегі ең ұзақ құрлық шекараларының болуымен сипатталады. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ыждағаттылықпен жүзеге асырылды. Бұл бағытта Ресей, Қытай сияқты көршілес елдермен құрлық шекараларын халықаралық шарттармен бекітіп, іргелес және әлемнің жетекші елдерімен достық және өзара тиімді ынтымақтастық қарым-қатынастарын құрды.

Қазақстанның Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты жетістіктері өңірлік интеграцияда, сондай-ақ сауда-экономикалық әріптестікті кеңейту кеңістігінде жатыр. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тандемі зор Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен дамудың берік факторына айналып отыр.

Шығыстағы ұлы көршіміз – Қытай Халық Республикасымен барлық бағытты қамтитын стратегиялық ынтымақтастық қатынастарды нығайту Қазақстан сыртқы саясаты сындарлылығының айғағы. Жаһандық ықпалы арта түсіп отырған осы елмен екіжақты сауда-экономикалық байланысты тереңдету арқылы еліміз әріптестік әлеуетін өз мүддесіне пайдалануда. Бұл екі көрші елмен де шекара мәселесін толық бейбіт түрде шешіп алуы болашақ өзара қарым-қатынастардағы қауіпсіздіктің кепілі еді.

Қазақстанды Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық әріптестік байланыстыруда. Өзара қызметтестіктің қол жеткізілген деңгейі өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық қаруды таратпау тәртібін бекіту, халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы тұру, энергетикалық тепе-теңдікті сақтау мәселелеріндегі өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастыққа негізделуде.

Тәуелсіздіктің барлық жылдары ішінде Еуроодақпен белсенді саяси ықпалдасу сақталу-

да. «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Қазақстан негізгі Еуропа мемлекеттерімен ынтымақтастықты әріптестіктің аса жоғары деңгейіне шығара алды [5]. Шын мәнінде де Еуроодақ елдері бүгінгі күні Қазақстанның әлемдегі басты сауда және инвестициялық әріптесі болып табылады.

Дегенмен, көршілес елдердегі саяси тұрақсыздық Қазақстанды өте қатты толғандырады. Бұл ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуден тұнбайды. 2010 жылғы көктемде және жазда орын алған оқиғалардан кейін Қырғызстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға назар сала отырып, Қазақстан бауырлас қырғыз халқына гуманитарлық жәрдем қолын созды және көмектесудің мемлекетаралық бағдарламасын дайындап, қабылдау жөнінде ұсыныс жасауы осының айғағы. Қырғызстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтануы ел ішіндегі тыныштыққа әкелері сөзсіз. Бұл аймақтағы саяси жағдайдың тұрақтануына өзіндік ықпал етері анық. Сол орайда Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалығын пайдалана отырып, ең алдымен, бұл саяси қақтығысты бейбіт түрде шеше отырып, қолдан келер барлық көмекті жасауға дайын екендіктерін білдірген болатын.

Аумағынан халықаралық лаңкестік, есірткі трафики, діни экстремизм қатерлері шығатын Ауғанстанның да тұрақты және орнықты дамуына Қазақстан да өте мүдделі. Елімізде ауған жастарын оқыту үшін 50 млн. доллар бөлу жөніндегі бастаманы қоса алғанда, Қазақстанның Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсету туралы шешімі де әлемдік қоғамдастық тарапынан қанағатпен атап өтілді.

Қазақстан аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 90-шы жылдардың басында Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру бастамасымен шыққан еді. Қазіргі кезде әлемдік қоғамдастық еліміз бастамасын Азиядағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңестер өткізу, ымыраға келу негізінде шешімдерге жету және іс-шараларды жүзеге асыру үшін бірегей мемлекетаралық алаң ретінде қабылдауда.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Солтүстік Атлант Шарты ұйымының (САШҰ – НАТО) Орталық Азиядағы маңызды әріптесіне айналды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы қауіпсіздікті нығайту мақсатында НАТО-мен ынтымақтастық тетіктерін белсенді пайдалануда. Төтенше азаматтық жоспарлау, ғылым және ашық дипломатия саласында НАТО-мен ынтымақтастық нәтижелі дамуда.

Қазақстан лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі барлық он үш халықаралық әмбебап конвенцияларға қосылды. Мемлекетіміз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін бұлжытпай орындауда және жыл сайын БҰҰ лаңкестікке қарсы комитетіне жасалған жұмыс туралы Ұлттық баяндаманы ұсынуда. Өйткені, Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты мақсаты – ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге, біртұтас мемлекет пен қоғамды жікке бөлуге, этносаралық және діни алауыздықты, өшпенділік пен араздықты өршітуге бағытталған әрекеттерге қатаң тыйым салып, тосқауыл қою.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: «Жеті Жарғы», 1998. – Б.3.

2. Бұл да сонда. – Б.6.

3. Токаев К.К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы, 2003. – С.477.

4. Дипломатическая служба Республики Казахстан: учебное пособие / под общей редакцией К.К. Токаева. – А.: Дом Печати «Эдельвейс», 2004. – С. 59.

5. К председателю Казахстана В ОБСЕ / Сборник документов и материалов / под общей ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2009. – С.55.

\* \* \*

Данная статья рассматривает политическую активность Казахстана в сфере обеспечения национальной безопасности.

\* \* \*

Kazakhstan's political activity in the field of ensuring national security was considered in this article.